19663649725

РЕШЕНИЕ
ИМЕНЕМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2023 жылғы 14 ақпан №7119-23-00-2/669 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья Т. Шамшильдин
сот отырысының хатшысы Е.Орынбасардың
қатысуымен ашық сот отырысында талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкері, «Тагаев» жеке кәсіпкері, «Құрманғали» жеке кәсіпкері, «Asyl Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Abdirazak» жеке кәсіпкері, «Байназаров» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Ищанова
талап қоюшы өкілі А.К Жалгасбаев, Д.К. Егембердиев
жауапкер М. Ж. Жұмабек
жауапкер Е.С. Әбдіразақ

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

1. Жауапкер «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкері бойынша

2022 жылдың 30 қыркүйегінде «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» ММ-і және «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкері арасында мемлекеттік сатып алу туралы №КИ-13 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған. Шарт 2022 жылдың 05 қазанында тіркелген.

Шартқа сәйкес лазерлік баспа болып табылатын тауардың бағасы 2 579 000 теңге, ал жеткізу уақыты – 2022 жылдың 15 желтоқсанына дейін белгіленген.

Шартты қамтамасыз ету сомасы 2022 жылдың 06 қазанында төленген.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерге веб-портал арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген, сол күні шарт бұзылған.

2. Жауапкер «Тагаев» жеке кәсіпкері бойынша

2022 жылдың 15 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» ММ-і және «Тагаев» жеке кәсіпкері арасында мемлекеттік сатып алу туралы №КИ-190 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған. Шарт 2022 жылдың 18 желтоқсанында тіркелген.

Шартқа сәйкес құлаққаптар болып табылатын тауардың бағасы 1 580 000 теңге, ал жеткізу уақыты – 2022 жылдың 20 желтоқсанына дейін белгіленген.

Шартты қамтамасыз ету сомасы төленбеген.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерге веб-портал арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген, сол күні шарт бұзылған.

3.Жауапкер «Құрманғали» жеке кәсіпкері бойынша

2022 жылдың 09 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» ММ-і және «Құрманғали» жеке кәсіпкері арасында мемлекеттік сатып алу туралы №КИ-191 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған. Шарт 2022 жылдың 12 желтоқсанында тіркелген.

Шартқа сәйкес құлаққаптар болып табылатын тауардың бағасы 1 499 800 теңге, ал жеткізу уақыты – 2022 жылдың 20 желтоқсанына дейін белгіленген.

Шартты қамтамасыз ету сомасы төленбеген.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерге веб-портал арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген, сол күні шарт бұзылған.

4. Жауапкер «Asyl Group» ЖШС-і бойынша

2022 жылдың 01 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» ММ-і және «Asyl Group» ЖШС-і арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ЦА-16 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған. Шарт 2022 жылдың 07 желтоқсанында тіркелген.

Шартқа сәйкес қосымша - файл болып табылатын тауардың бағасы 29 400 теңге, ал жеткізу уақыты – шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күндер ішінде белгіленген.

Шартты қамтамасыз ету сомасы төленбеген.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерге веб-портал арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген, сол күні шарт бұзылған.

5. Жауапкер «Abdirazak» жеке кәсіпкері бойынша

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023

7119-22-3-1/16503

2022 жылдың 30 қарашасында «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» ММ-і және «Abdirazak» жеке кәсіпкері арасында мемлекеттік сатып алу туралы №оЦА-161 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған. Шарт 2022 жылдың 07 желтоқсанда тіркелген.

Шартқа сәйкес қыстырғыш болып табылатын тауардың бағасы 81 000 теңге, ал жеткізу уақыты – шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күндер ішінде белгіленген.

Шартты қамтамасыз ету сомасы 2022 жылдың 22 желтоқсанында төленген.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерге веб-портал арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген, сол күні шарт бұзылған.

6. Жауапкер «Байназаров» жеке кәсіпкері бойынша

2022 жылдың 01 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» ММ-і және «Байназаров» жеке кәсіпкері арасында мемлекеттік сатып алу туралы №оЦА-163 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған. Шарт 2022 жылдың 06 желтоқсанда тіркелген.

Шартқа сәйкес желім болып табылатын тауардың бағасы 42500 теңге, ал жеткізу уақыты – шарт күшіне енген күннен бастап 20 күнтізбелік күндер ішінде белгіленген.

Шартты қамтамасыз ету сомасы 2022 жылдың 19 желтоқсанында төленген.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерге веб-портал арқылы шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген, сол күні шарт бұзылған.

Осыған орай, талап қоюшы соттан жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және міндеттемелерді тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкер «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкерінен 41 264 теңге, «Тагаев» жеке кәсіпкерінен 17 380 теңге , «Құрманғали» жеке кәсіпкерінен 16 498 теңге, «Asyl Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 118 теңге, «Abdirazak» жеке кәсіпкерінен 324 теңге, «Байназаров» жеке кәсіпкерінен 213 теңге шарттық тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талабын қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер М. Ж. Жұмабек талап арызды мойындаған жоқ, техникалық ерекшелігі сәл басқа тауарды жеткізуге дайын еді, алайда тапсырыс беруші өкілі оған қарсы болды, тауарды қабылдамады. Техникалық ерекшелікке сай тауар нарықта болған жоқ.

Жауапкер Е.С. Әбдіразақ та талап арызды мойындаған жоқ, техникалық ерекшелігі сәл басқа тауарды жеткізуге дайын екендігін, алайда оны қабылдаға тапсырыс берушінің бас тартқанын мәлімдеді.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған басқа жауапкерлер сотқа өкілдерін жіберген жоқ, сотқа келмеуінің дәлелді

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023
7119-22-3-1/16503

себептері туралы хабарлаған жоқ және істі олардың қатысуынсыз қарауды сұраған жоқ.

Осыған орай, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 196-бабына сәйкес азаматтық істі тараптардың қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп санайды.

Прокурор талапкердің талап арызын ішінара қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-Кодекс) 272-бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Кодекстің 273-бабына сай заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Кодекстің 349-бабының 1- тармағына сәйкес міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 12-бабы 24-тармағына сай, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 72-бабына сай, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Жауапкерлер шартта көрсетілген тауарды белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге жеткізбеген. Жауапкерлер техникалық ерекшелікке сай тауарды жеткізгені туралы дәлел келтірген жоқ. Яғни шарт талаптарын бұзған.

2022 жылдың 30 желтоқсанында жауапкерлермен жасалған шарттар бұзылған. Тапсырыс берушінің бұл әрекеті сотта дауланған жоқ.

Тапсырыс берушіге залал келтірілген , яғни ол шарттарды жасасу кезінде күткен нәтижеге жете алмады.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023
7119-22-3-1/16503

Кодекстің 359-бабына сай, егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған кезде міндеттемені орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған адам, егер бой бермейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезіндегі төтенше және тойтаруға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, төтенше жағдай және т.б.) салдарынан тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмағандығын дәлелдей алмаса, мүліктік жауаптылықты көтереді. Ондай мән-жайларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың, жұмыстардың немесе қызмет көрсетудің рынокта болмауы жатпайды.

Мұндай жағдай жоқ, тиісті тауардың рынокта болмауы міндетті орындамауға бой бермейтін күшке жатпайды.

Жауапкерлер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатысты, өз бағасын ұсынды және бұл жағдайда шартпен және тауардың техникалық ерекшеліктерімен келісті.

Заңның 12-бабы 4-тармағы 3)-тармақшасымен белгіленген, атап айтқанда өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілер тізілімге енгізіледі.

Осыған орай жауапкерлер «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкері, «Abdirazak» жеке кәсіпкері, «Байназаров» жеке кәсіпкері бойынша талап қанағаттандырылуға жатады.

Алайда, Заңның 44-бабының 1-тармағына сай, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші осы Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) осы Заңның 26-бабына сәйкес соманы (ол болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады.

Шарттардың 3.1 – тармағына сай, жауапкерлер өнім беруші ретінде шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде 3(үш) пайызы мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізуге міндеттенді.

Сотта жауапкерлер «Тагаев» жеке кәсіпкерінің, «Құрманғали» жеке кәсіпкерінің, «Asyl Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын төленбегені анықталды.

Заңның 12-бабының 5-тармағына сай, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі уәкілетті органның әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі негізінде қалыптастырылады.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023
Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023
7119-22-3-1/16503

Сондықтан, осы жауапкерлерге қатысты Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 277-бабының 1 тармақшасына сай, іс қысқартылды.

№2 талап бойынша

Кодекстің 293 және 294-баптарына сәйкес міндеттемені орындау, заңдарда немесе шартта көзделген ақша сомасымен айқындалған тұрақсыздық айыбымен қамтамасыз етілуі мүмкін, оны борышқор міндеттемелерді орындамаған жағдайда несие берушіге төлеуге міндетті.

Кодекстің 298-бабына сай міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін тұрақсыздық айыбы өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Сот талап қоюшының жауапкерден тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабын шарттардың 7.3-тармағына сәйкес заңды деп есептейді, оған сай міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Бұл ретте, сот, істің мән-жайларына, шарттың талаптарына, бұзу мерзіміне, Кодекстің 297 және 364-баптарының талаптарына, мерзім өтіп кетудің пайда болған күніне және шарттың бұзылған күніне дейін сүйенеді.

Талап қоюшы айыппұл сомасын 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін санаған, алайда шарттардың барлығы 30 желтоқсанда бұзылған, яғни талап қоюшының шарттардың күші аяқталғаннан кейін, яғни 31 желтоқсан күні бойынша 1 күндік айыппұлдың сомасын өндіру талабы заңсыз болып табылады.

Яғни, «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкерінен 38 685 теңге айыппұл сомасы, «Abdirazak» жеке кәсіпкерінен 243 айыппұл сомасы, «Байназаров» жеке кәсіпкерінен 170 теңге айыппұл сомасы өндірілуі қажет.

Бұл жауапкерлерді мүліктік жауаптылықтан босату үшін негіз жоқ.

Алайда, Заңның 43-бабының 24-тармағына сай, айыппұл міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау үшін өндіріледі.

Бұл жағдайда, жауапкерлер «Тагаев» жеке кәсіпкері, «Құрманғали» жеке кәсіпкері, «Asyl Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомсын енгізбегендіктен, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды, яғни міндеттенген жоқ.

Көрсетілген жағдайда, бұл жауапкерлер уәкілетті органның шешімі негізінде жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізілу керек. Шарт бойынша оларды жауапкершілікке тарту үшін негіз жоқ.

Осылайша, талап арыздар ішінара қанағаттандырылады.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерлерден сот шығындары өндірілуге жатады.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023

7119-22-3-1/16503

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

«Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі» мемлекеттік мекемесінің «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкеріне, «Тагаев» жеке кәсіпкеріне, «Құрманғали» жеке кәсіпкеріне, «Asyl Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, «Abdirazak» жеке кәсіпкеріне, «Байназаров» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өндіру туралы талап арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

«Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Abdirazak» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын

«Байназаров» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 38 685 (отыз сегіз мың алты жүз сексен бес) теңге айыппұл сомасы және 2886 (екі мың сегіз жүз сексен алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Abdirazak» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 243 (екі жүз қырық үш) айыппұл сомасы және 1732 (бір мың жеті жүз отыз екі) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Байназаров» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 170 (жүз жетпіс) теңге айыппұл сомасы және 1730 (бір мың жеті жүз отыз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Талап қоюшының жауапкер «Жұмабек Мейіржан» жеке кәсіпкерінен 2 579 теңге, «Тагаев» жеке кәсіпкерінен 17 380 теңге, «Құрманғали» жеке кәсіпкерінен 16 498 теңге, «Asyl Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 118 теңге, «Abdirazak» жеке кәсіпкерінен 81 теңге, «Байназаров» жеке кәсіпкерінен 43 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылусыз қалдырылсын.

Шешімге тараптар және прокурор Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023

Судья Шамшильдин Т.

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 20.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 24.03.2023, судья Шамшильдин Т., 24.03.2023

7119-22-3-1/16503